



**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледж**

Силлабус

**Пән: «Фармациядағы жалпы гигиена негіздері»
Мамандығы: 09160100 - "Фармация"
Біліктілігі: 4S09160101 - "Фармацевт"**

Курс: 1

Семестр: 2

Бақылау түрі: с/сынақ

Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер : 24/1

Аудиториялық сабақ: 8

Стимуляция: 16

«Фармациядағы жалпы гигиена негіздері» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Мамашова Л.Н.

Мамаңдығы: 09160100 - "Фармация"

Біліктілігі: 4S09160101 - "Фармацевт"

Силлабус «Мейіргер ісі-2» кафедра мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 " 27 " 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі  Г.Н. Айбекова

ПЦК мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 " 28 " 08 2024 ж.

ПЦК төрайымы  И.О. Темир

Әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 " 29 " 08 2024 ж.

Әдістемелік кеңес төрайымы  Г.С. Рахманова

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Силлабус		80-11-2024 () 12 беттің 3 беті

Оқытушылар жөнінде мәлімет

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі	Қызметі	Оқитын курсы	Электронды мекен-жайы
1	Айбекова Гүлнур Нуржановна	Бакалавр	Бөлім басқарушысы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	Aybekova.Gulnur@mail.ru
2	Мәди Әсемай Қалыбекқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	asemai.madi.99@gmail.com
3	Мамашова Лаззат Нүркенқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Жалпы гигиена» колледж пәндері	Lyazka_06@mail.ru
4	Совет Айсана Әбдіқасымқызы	Магистр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	aisanasovet@mail.ru
5	Тайгашева Нұргүл Манарбекқызы	Магистр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	nurgul_tai gashev@mail.ru
6	Құлманова Жазира Мәуленқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	Kcon1@list.ru

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		80-11-2024 ()
Силлабус		12 беттің 4 беті

3.1. Кіріспе:

Жалпы гигиена – медицинаның негізгі профилактикалық саласы, қоршаған ортаның табиғи және антропогендік факторларының адам организмі мен қоғамның денсаулығына әсер ету заңдылықтарын зерттейтін, аурудың алдын алуға, адам денсаулығын нығайту мен сақтауға, тіршілік әрекеті үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған гигиеналық нормативтерді, санитариялық тәртіп пен шараларды дайындайтын ғылым. Гигиена бұл көпсалалы пәндердің бірі, оның әрбір бөлімі гигиена ғылымымен практиканың жеке бір саласын қамтиды – коммуналдық гигиена, еңбек гигиенасы, тағам гигиенасы, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы т.б.

3.2. Пәннің саясаты:

№	Студенттерге қойылатын талап	Орындамаған жағдайда айыптау шаралары
1.	Себепсіз сабақ қалдыру рұқсат етілмейді.	Тәжірибелік сабақты себепсіз қалдырған жағдайда бж қойылады.
2	Себеп бойынша қалдырылған сабақтарды өз уақытысында өтеу.	Себепті қалдырылған сабақтар тек деканат рұқсатымен (өтеу қағазы) өтеледі.
3	Дәріс және тәжірибелік сабақтарға уақытылы келу.	Студент 5 минуттан артық кешіксе сабаққа жіберілмейді. Оқу журналына және дәріс журналына бж қойылады.
4	Студенттің сыртқы келбеті талапқа сай болуы (халат, колпак, ауыстыратын аяқ киім және т.б.).	Студенттің сыртқы көрінісі талапқа сай болмаған жағдайда сабаққа немесе дәріске жіберілмейді және тәжірибелік журналда немесе дәріс журналында бж қойылады.
5	Студентте медициналық санитарлық кітапшаның болуы.	Медициналық санитарлы кітапшасыз студент клиниканың бөлімшеріне жіберілмейді және тәжірибелік журналға бж қойылады.
6	Студент оқытушыларға, курстастарына сыйластық пен қарауы қажет.	Студент құрметсіздік танытқан жағдайда, бұндай мінез-құлқы кафедра жиналысында талқыланады, деканатқа және ата-анасына жеткізіледі.
7	Кафедраның мүліктеріне студенттердің қамқорлық жасауы.	Мүліктерді бұзған жағдайда, студент өз күшімен қалпына келтіреді.

3.3. Пәннің мақсаты:

- болашақ профилактикалық іс-шаралардың барлық аспектілерінде медициналық қызметкерге қажетті профилактикалық ойлауды қалыптастыру;
- аурудың алдын алу мәселелерін шешуге ғана емес, сонымен қатар халықтың гигиеналық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беретін гигиеналық білім негіздерін қалыптастыру.

3.4. Оқыту міндеттері:

- қоршаған орта факторлары туралы түсінік беру;
- гигиеналық білімді аурулардың алдын алу, денсаулықты сақтау және нығайту үшін қолдану;
- аурудың этиологиялық немесе қауіп факторлары ретінде қоршаған орта факторларының мүмкін рөлін бөліп көрсетуге үйрету;
- халықтың гигиеналық сауаттылығын арттыру үшін гигиеналық білімді қолдану жолдарын үйрету.

3.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижесі:

Студент білуі керек:

- Қоршаған ортаның сапасын гигиеналық нормалауды, бөлме микроклиматын гигиеналық бағалауды, жылытуды бағалауды, ағзаға қоршаған ортаның әртүрлі факторларының әсер ету заңдылықтарын;
- Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың, атмосфералық ауаның, су және топырақ гигиенасының негізгі бағыттарын;
- Тамақтану гигиенасын, ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, минералды заттардың және витаминдердің гигиеналық құндылығын;
- Аурухана ішілік инфекциялар және олардың алдын алу жолдары;
- санитарлық ағартудың әдістері мен үлгілері.

3.6. Пререквизиттер:

- Микробиология және вирусология
- Анатомия, физиология

3.7. Постреквизиттер:

- Терапия
- Жұқпалы аурулар

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Гигиенаға кіріспе. Гигиеналық нормалау мен болжамдаудың ғылыми негіздері. Қоршаған ортаның сапасын гигиеналық нормалау. Бөлме микроклиматын гигиеналық бағалау. Жылытуды бағалау. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың гигиенасы. Атмосфералық ауа гигиенасы. Су және топырақ гигиенасы. Тамақтану денсаулық факторы ретінде. Тағамнан улану және олардың алдын-алу. Тамақтану гигиенасы. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, минералды заттардың және витаминдердің гигиеналық құндылығы. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы. Еңбек гигиенасы саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау. Аурухана ішілік инфекциялар және олардың алдын алу. Радиациялық гигиена. Гигиеналық тәрбие және оқыту. Дезинфекция, стерилдеу, дезинсекция, дератизация.

3.9.1. Аудиториялық сабақтың тақырыптық жоспары

№	Аудиториялық тақырыптың атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Гигиеналық нормалау мен болжамдаудың ғылыми негіздері.	Гигиена-медицина саласының негізгі профилактикалық пәні. Гигиенаның мақсаты мен міндеттері. Гигиенаның негізгі зерттеу әдістері. Гигиена бөлімдері. Ескертпелі және ағымдағы санитариялық қадағалау. Гигиеналық нормативтер. Нормалаудың бірінші кезектілігі және қағидалары.	1
2	Бөлме микроклиматын гигиеналық бағалау. Жылытуды бағалау. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың гигиенасы.	Ауа ортасының гигиеналық маңызы. Үй-жайдың микроклиматы. Бөлме ауасының температуралық тәртібі мен ылғалдылығын өлшеу әдістемесі. Термометр, психрометр, барометр, анемометр. Жұмыс істеу қағидасы. Микроклиматтық факторлардың адам ағзасына әсерін кешенді бағалау.	1
3	Атмосфералық ауа гигиенасы. Су және топырақ гигиенасы.	Ауа температурасы, ылғалдылығы және қозғалыс жылдамдығының гигиеналық маңызы. Микроклимат, оны қалыптастырушы факторлар.	1

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Силлабус		80-11-2024 () 12 беттің 6 беті

4	Тамақтану гигиенасы. Аралық бақылау-1	Тамақтану қызметі. Тағамның биологиялық әсері және тамақтану түрлері. Балалар мен жасөспірімдердің тамақтануындағы ағзаға қажетті өнімдердің негізгі топтары. Олардың тағамдық және биологиялық құндылығы. Тиімді тамақтану туралы түсінік. Тағамнан улану. Тағамнан уланулардың жіктелуі.	1
5	Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы.	Әр түрлі жас кезеңдеріндегі балалардың өсу және даму ерекшеліктері. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы және оны анықтайтын факторлар. Дене дамуын зерттеу және бағалау әдістері.	2
6	Еңбек гигиенасы саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау.	Еңбек гигиенасы және жұмысшылардың денсаулығын қамтамасыз ету. Еңбек процесінің факторлары. Қызметкерлердің кәсіптік денсаулығына қауіп-қатерді бағалау.	1
7	Емдік профилактикалық мекемелердің гигиенасы. Аралық бақылау-2	Емдік профилактикалық мекемелеріндегі режим түрлері. Әртүрлі мақсаттағы ғимараттарды жоспарлауға, микроклиматқа, жарықтандыруға, жылытуға, желдетуге қойылатын гигиеналық талаптар.	1
8	Радиациялық гигиена.	Радиациялық қауіп. Сәулеленудің әсеріне ұшырайтын тұлғалардың критерийлері. Медициналық сәулеленудің әсер ету кезіндегі науқастар мен халықтың радиациялық қауіпсіздігі.	1
Барлығы			8

3.9.2 Симуляциялық сабақтың тақырыптық жоспары.

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Гигиеналық нормалау мен болжамдаудың ғылыми негіздері.	Гигиена-медицина саласының негізгі профилактикалық пәні. Гигиенаның мақсаты мен міндеттері. Гигиенаның негізгі зерттеу әдістері. Гигиена бөлімдері. Ескертпелі және ағымдағы санитариялық қадағалау. Гигиеналық нормативтер. Нормалаудың бірінші кезектілігі және қағидалары.	1
2	Қоршаған ортаның сапасын гигиеналық нормалау.	Қоршаған ортаның әртүрлі объектілеріндегі химиялық заттардың гигиеналық регламентінің ерекшеліктері.	1
3	Бөлме микроклиматын гигиеналық бағалау. Жылытуды бағалау.	Ауа ортасының гигиеналық маңызы. Үй-жайдың микроклиматы. Бөлме ауасының температуралық тәртібі мен ылғалдылығын өлшеу әдістемесі. Термометр, психрометр,	1

		барометр, анемометр. Жұмыс істеу қағидасы. Микроклиматтық факторлардың адам ағзасына әсерін кешенді бағалау.	
4	Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың гигиенасы.	Тұрғын үй жағдайларының жиынтық әсері (физикалық, химиялық, биологиялық факторлар) және олардың тіршілік үшін жақсару дәрежесі мен адам денсаулығы.	1
5	Атмосфералық ауа гигиенасы.	Ауа температурасы, ылғалдылығы және қозғалыс жылдамдығының гигиеналық маңызы. Микроклимат, оны қалыптастырушы факторлар.	1
6	Су және топырақ гигиенасы.	Судың физиологиялық және гигиеналық маңызы. Ауыз суға қойылатын гигиеналық талаптар. Су және топырақтың эпидемиологиялық көрсеткіштері. Жұқпалы және паразиттік аурулардың таралуындағы топырақтың рөлі. Топырақ пен су көздерін санитарлық қорғау жөніндегі шаралар.	1
7	Тамақтану денсаулық факторы ретінде. Тағамнан улану және олардың алдын-алу.	Тамақтану қызметі. Тағамның биологиялық әсері және тамақтану түрлері. Балалар мен жасөспірімдердің тамақтануындағы ағзаға қажетті өнімдердің негізгі топтары. Олардың тағамдық және биологиялық құндылығы. Тиімді тамақтану туралы түсінік. Тағамнан улану. Тағамнан уланулардың жіктелуі.	1
8	Тамақтану гигиенасы. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, минералды заттардың және витаминдердің гигиеналық құндылығы.	Рационалды тамақтану, оның гигиеналық маңызы. Тамақтануындағы белоктардың, майлардың, көмірсулардың, минералды заттардың және витаминдердің маңызы.	1
9	Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы.	Әр түрлі жас кезеңдеріндегі балалардың өсу және даму ерекшеліктері. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы және оны анықтайтын факторлар. Дене дамуын зерттеу және бағалау әдістері.	1
10	Еңбек гигиенасы саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау.	Еңбек гигиенасы және жұмысшылардың денсаулығын қамтамасыз ету. Еңбек процесінің факторлары. Қызметкерлердің кәсіптік денсаулығына қауіп-қатерді бағалау.	1
11	Аурухана ішілік инфекциялар және олардың алдын алу.	Ауруханаішілік инфекция (АИИ) ұғымының анықтамасы. АИИ қоздырғышының берілу механизмдері, жолдары және факторлары. Профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар.	1

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Силлабус		80-11-2024 () 12 беттің 8 беті

12	Емдік профилактикалық мекемелердің гигиенасы.	Емдік профилактикалық мекемелеріндегі режим түрлері. Өртүрлі мақсаттағы ғимараттарды жоспарлауға, микроклиматқа, жарықтандыруға, жылытуға, желдетуге қойылатын гигиеналық талаптар.	1
13	Радиациялық гигиена.	Радиациялық қауіп. Сәулеленудің әсеріне ұшырайтын тұлғалардың критерийлері. Медициналық сәулеленудің әсер ету кезіндегі науқастар мен халықтың радиациялық қауіпсіздігі.	1
14	Гигиеналық тәрбие және оқыту.	Жұқпалы, экологиялық және кәсіптік аурулардың алдын алу саласында халыққа гигиеналық білім беру.	1
15	Дезинфекция, стерильдеу, дезинсекция, дератизация.	Дезинфекция, анықтау, түрлері. Стерильдеу, анықтау, әдістері. Дезинсекция, анықтау, оны жүргізу тәсілдері мен құралдары. Дератизация, анықтау, оны жүргізу тәсілдері мен құралдары.	1
16	Жеке бас гигиенасы.	Тән гигиенасы. Шаш гигиенасы. Ауыз қуыс гигиенасы.	1
	Барлығы		16

3.10. Негізгі әдебиеттер:

- Жалпы гигиена : оқулық / А. М. Большаков; қаз. тіліне ауд. М. Б. Жандаулетова; жауапты ред. Ш. Е. Токанова ; РФ білім және ғыл. министрлігі. - 3-бас., қайта өнд. және толықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 400 бет. с.
- Бейсенбаев А.Ю., Жандарбекова Д.Д., Кожабекова Г.А. Дұрыс тамақтану негіздері. Оқу құралы. 2016
- Тоғызбаева К.К. Гигиена труда при работе с видеотерминалами/. Бейнетерминалдармен жұмыс істеу кезіндегі еңбек гигиенасы: оқу құралы. 2019

3.10.1 Электронды басылымдар:

- Тоғызбаева К.К. Еңбек гигиенасындағы машықтану сабақтарына арналған жетекші оқу құралы. "АҚНҰР", 2019<https://aknurpress.kz/login>
- Тоғызбаева К.К. Өндіріс кәсіпорындарының қайта құрылуы мен жаңадан құрылыс салыну кезіндегі санитарлық сақтық қадағалау. Оқу құралы. "АҚНҰР", 2015<https://aknurpress.kz/login>
- Ерманова С. А. Тамақтану, су, топырақ, ауа гигиенасы. Оқу құралы. "АҚНҰР". 2012
- Ордабеков С.О. Жас ерекшелік анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы. Оқу құралы. "АҚНҰР", 2019<https://aknurpress.kz/login>
- Неменко Б.А. Коммуналдық гигиена: оқулық. "АҚНҰР", 2013<https://aknurpress.kz/login>

3.11. Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Симуляция: ауызша сұрау, тесттік сұрақтарды, жағдайлық есептерді шешу, манекенмен, муляжбен жұмыс істеу, шағын топтарда жұмыс жасау.

3.12. Бағалау критерийлері:

- Қорытынды баға келесі компоненттерден тұрады (салыстырмалы салмағы): Ағымдағы бақылау 1 (ТК А (дәрістер): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		80-11-2024 ()
Силлабус		12 беттің 9 беті

- Ағымдағы бақылау 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу
- Аралық бақылау
- Қорытынды экзамен: қорытынды тест және билет бойынша дұрыс жауаптары

Бағасы	Қолданылатын бақылау құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сыни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест)	Салмағы
ТК 1 (ТК А (дәрістер, семинарлар): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу)	Сыни талдаудағы 3 тапсырма: -бақылау сұрақтары, - тапсырма -тесттер	15%
ТК 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу.	Практикалық дағдыларды пысықтау және құзыреттіліктердің орындалуын талқылау; Диспутацияланатын мәселелер бойынша аргументтерді таныстыру.	15%
Аралық бақылау АБ-1, АБ-2	Курстық тесттер	15%
Емтиханға жіберу рейтингісі		x 60%
Қорытынды емтихан	Пән тақырыптары бойынша тесттер (200 сұрақ) және билеттер: теориялық сұрақтар, ситуациялық есептер	X 40%
Курстық қорытынды бағасы		0-100 балл

Аттестация

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағатсыз
Бағалау критерилері	Өте жақсы «A»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген		

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		80-11-2024 ()
Силлабус		12 беттің 10 беті

	жағдайда Қанағаттанарлық «С» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда Қанағатсыз «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда
--	---

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостыққа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК Симуляция = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (Э x 40%) Экзамен (жеке): қорытынды тест

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерийлері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

Тапсыру мерзімі: Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.

Қосымша – 1.

Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша әртүрлі көздерден ақпаратты іздейді және сыни тұрғыдан бағалайды және дені сау адамдар үшін дұрыс тамақтану және тиісті тамақтану жағдайы	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша әртүрлі көздерден ақпаратты іздейді және сыни тұрғыдан бағалайды және дені сау адамдар үшін дұрыс тамақтану және тиісті тамақтану	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша әртүрлі көздерден ақпаратты іздейді және сыни тұрғыдан бағалайды және дені сау адамдар үшін дұрыс тамақтану және тиісті тамақтану	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша әртүрлі көздерден ақпаратты іздейді және сыни тұрғыдан бағалайды және дені сау адамдар үшін дұрыс тамақтану және тиісті тамақтану	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша әртүрлі көздерден ақпаратты іздейді және сыни тұрғыдан бағалайды және дені сау және дені сау және дені сау адамдар

	туралы кеңес беру	жағдайы туралы білмейді.	жағдайы туралы қанағаттанарлық деңгейде біледі.	жағдайы туралы жақсы деңгейде біледі	үшін дұрыс тамақтану және тиісті тамақтану жағдайы туралы кеңес беруді өте жақсы деңгейде біледі
ОН 2	Салауатты өмір салты мен тамақтану, денсаулыққа қауіп төндіретін және ерте мейірбикелік араласулар туралы жаңа идеяларды иллюстрация лау	Салауатты өмір салты мен тамақтану, денсаулыққа қауіп төндіретін және ерте мейірбикелік араласулар туралы жаңа идеяларды иллюстрация лай алмайды	Салауатты өмір салты мен тамақтану, денсаулыққа қауіп төндіретін және ерте мейірбикелік араласулар туралы жаңа идеяларды қанағаттанарлық деңгейде иллюстрация лайды	Салауатты өмір салты мен тамақтану, денсаулыққа қауіп төндіретін және ерте мейірбикелік араласулар туралы жаңа идеяларды жақсы деңгейде иллюстрация лайды	Салауатты өмір салты мен тамақтану, денсаулыққа қауіп төндіретін және ерте мейірбикелік араласулар туралы жаңа идеяларды өте жақсы деңгейде иллюстрациялайды
ОН3	Жеке пациенттерді, жанұяларды және топтарды салауатты өмір салтына, өз-өзіне көмектесуге және дұрыс тамақтануға ынталандыру	Жеке пациенттерді, жанұяларды және топтарды салауатты өмір салтына, өз-өзіне көмектесуге және дұрыс тамақтануды ынталандыруды біледі	Жеке пациенттерді, жанұяларды және топтарды салауатты өмір салтына, өз-өзіне көмектесуге және дұрыс тамақтануға ынталандыруды қанағаттанарлық деңгейде біледі	Жеке пациенттерді, жанұяларды және топтарды салауатты өмір салтына, өз-өзіне көмектесуге және дұрыс тамақтануға ынталандыруды жақсы деңгейде біледі	Жеке пациенттерді, жанұяларды және топтарды салауатты өмір салтына, өз-өзіне көмектесуге және дұрыс тамақтануға ынталандыруды өте

					жақсы деңгейде біледі
ОН4	Денсаулықты нығайтудың заманауи идеялары мен технологияларын күнделікті тәжірибеге бейімдеу	Денсаулықты нығайтудың заманауи идеялары мен технологияларын күнделікті тәжірибеге бейімдей алмайды	Денсаулықты нығайтудың заманауи идеялары мен технологияларын күнделікті тәжірибеге қанағаттанарлық деңгейде бейімдейді	Денсаулықты нығайтудың заманауи идеялары мен технологияларын күнделікті тәжірибеге жақсы деңгейде бейімдейді	Денсаулықты нығайтудың заманауи идеялары мен технологияларын күнделікті тәжірибеге өте жақсы деңгейде бейімдейді
ОН5	Жеке тұлғаларға, балаларға, жүкті әйелдерге, ересектерге және қарттарға арналған ақпараттық-танымдық материалдарды сыни тұрғыдан бағалау	Жеке тұлғаларға, балаларға, жүкті әйелдерге, ересектерге және қарттарға арналған ақпараттық-танымдық материалдарды сыни тұрғыдан бағалауды талдай алмайды	Жеке тұлғаларға, балаларға, жүкті әйелдерге, ересектерге және қарттарға арналған ақпараттық-танымдық материалдарды сыни тұрғыдан бағалауды қанағаттанарлық деңгейде талдайды	Жеке тұлғаларға, балаларға, жүкті әйелдерге, ересектерге және қарттарға арналған ақпараттық-танымдық материалдарды сыни тұрғыдан бағалауды жақсы деңгейде талдайды	Жеке тұлғаларға, балаларға, жүкті әйелдерге, ересектерге және қарттарға арналған ақпараттық-танымдық материалдарды сыни тұрғыдан бағалауды өте жақсы деңгейде талдайды